«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
« ____ » _____ 2025 ж

Қалалық –дәстүрлі «Сазды әуен- сырлы әуез» атты ән-күй байқауы

“Ақтау - Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025” аясында, «Сазды әуен-сырлы әуез» қалалық ән-күй байқауының сценарийі.

Мерекелік фанфар

Жүргізуші шығады

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, аяулы ұстаздар және де жас достар!

Жүргізуші: Ақтау қалалық мәдениет спорт және дене шынықтыру бөлімінің қолдауымен, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің ұйымдастыруымен 12-16 жастағы жасөспірімдер арасында, “Ақтау - Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025” аясында, **«Сазды әуен – сырлы әуез»** атты қалалық дәстүрлі ән-күй байқауына қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Ұлы Аристотель айтқандай: «Әуен - әсем дыбыстар тілімен сөйлейтін сезімге құрылған өнер. Ол түрлі жанрларға, ұлттық тарихи түрлі музыкалық тілдерге бөлінеді. Ырғақ пен әуенде әрқашан өмір шындығы болады. Онда адамдардың қайраты мен көркемдігі, ерлігі мен байсалдылығы, сонымен бірге адамдардың мінез-құлықтары да бейнеленеді»

Жүргізуші: Бүгінгі додаға қатысқан жүлдегерді анықтайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

Қазылар алқасы құрамы:

Жүргізуші: Әділ қазылармен таныс болсақ, ендеше байқауымызды бастайық. Байқауға қатысушы үміткерлер бүгін шешуші кезеңде өзара додаға түседі. Сол үміткерлер арасынан тек ең мықты дейтін қатысушылар жүлдегер атанады.

Жүргізуші: Байқау ұлттық мәдениетімізді сақтауға, ұрпақтан–ұрпаққа жеткізу арқылы дәстүрлі өнерімізді жаңғыртып насихаттауға бағытталған. Байқаудың ережесі бойынша: қатысушылар 2-аталым бойынша бақ сынасады.

1-ші Күй аталымы бойынша:

- Халық күйі «Ел айрылған» (міндетті түрде),
- М Өскінбаевтың бір күйі (өз қалауы бойынша)

2-ші Дәстүрлі ән бойынша:

- Ж.Елебековтың нұсқасында халық әні «Екі жирен» (міндетті түрде)
- Мұхит Мералұлының 1 әні (өз қалауы бойынша) орындайды.

Жүргізуші: Алғашқы болып **«Дәстүрлі ән»** аталымының қатысушылары байқауды бастайды.
Алғашқы қатысушысымызды ортаға шақырамыз:

Дәстүрлі ән номинациясы бойынша 12-16 жас аралығындағы қатысушылар тізімі

Жүргізуші: Домбырам, қоңыр қазым, аққуымсың!
Арманым, мұңым, сырым, шаттығымсың! - деп, Мұқағали Мақатаев мұңы мен шаттығының бәрі домбырада екенін үлкен әсермен жеткізеді.

Жүргізуші: Домбыра - қазақ халқының ұлттық аспабы, төл мәдениетімізді жіті таныстырар асыл мұрамыз. Ұрпақтан ұрпаққа бабамыздың көзіндей аманатқа қалдырылып, осы уақытқа дейін қылы қисаймай жеткен халқымыздың көне мирасы.

Жүргізуші: Байқауымызды жалғастырамыз, ортаға «**Дәстүрлі ән**» номинациясының алғашқы қатысушысын ортаға шақырамыз:

Жеке күйші номинациясы бойынша
12-16 жас аралығындағы қатысушылар

Жүргізуші: Табиғаттың тебіренген, қуанған шағының перзенті - әнші десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де халқы. «Сазды әуен-сырлы әуез» ән-күй кешінде қанат қағып келе жатқан шәкірттерінің орындауында бірнеше ән мен күйді тыңдап, өнерін тамашаладыңыздар.

Ендігі кезекте әділ қазылар алқасын кеңесу бөлмесіне шақырамыз!

Марапаттау рәсімі

Жүргізуші: Қалалық «Сазды әуен-сырлы әуез» атты дәстүрлі ән-күй байқауымызда өз мәресіне жетті.
Қаншама ғасырлар бойы жинақталған музыкалық қазына ұшы-қиыры жоқ мол мұра. Біз музыка аясында өмір сүреміз. Музыка біздің өмірлік серігіміз, музыканы үлкен талғаммен, сауатты түрде талдап тыңдай білу керек. Адамды рухани рахаттандыратын жанын жадыратып, сезімін, ойын қозғайтын шынайы көркем шығармаларды тыңдап, үйрену үлкен өнер.

Марапаттау рәсіміне ортаға әділ қазылар алқасын шақырамыз:
Марапаттау рәсімі...

Жүргізуші: Көпшілік құрметіне бөленген өнерпаздарымыз алдағы уақытта көптеген байқаудың жеңімпаздары атанып, орындаушылық шеберлігімен талғампаздығымен үлкен – үлкен табыстарға жете берулеріңізге тілектеспіз! Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға көп рахмет! Байқау жеңімпаздарын жүлделі орындарымен құттықтай отырып, сіздермен келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар дейміз!